

Nurly ÓLKE

QOĖAMDYQ- SAYASI GAZET

ОБЩЕСТВЕННО - ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

№ 22 (742) 25.5. 2023

E-mail: nurliolke@mail.ru

nurliolke.kz

ӘКІМ ЕСЕБІ

ТҰРҒЫНДАРДЫ АЛАНДАТАР ЖАЙТ КӨП



ОБЛЫС ӘКІМІ МАРАТ СҰЛТАНҒАЗИЕВ ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ. ЗАРЕЧНОЕ АУЫЛЫНДАҒЫ №12 ОРТА МЕКТЕПТЕ ӨТКЕН ЕСЕПТІК ЖИЫНДА КӨПШІЛІК ӨЗДЕРІН АЛАНДАТҚАН МӘСЕЛЕЛЕРДІ ОРТАҒА САЛДЫ.

Жиынды облыстық мәслихаттың төрағасы Талғат Байеділов жүргізді. Онда баяндама жасаған облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев алдыңғы есептік кездесуден бері 5 айға жуық уақыт өткенін, онда 10 мәселе көтерілгенін, оның 6-уы орындалса, 4-уі орындалу барысында екенін жеткізді. Қонаев қаласы бойынша көріздік тазарту жүйесінің толықтай дерлік тозуы өзекті мәселе болып табылатынын, оны мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктерін пайдалана отырып шешу көзделгенін айтты.

– Облыс ауқымында агро-өнеркәсіптік кешен, туризм, көлік және логистика, өңдеу өнеркәсібі, шағын және орта бизнес және тағы басқа салаларды негізге ала отырып, 2030 жылға дейінгі облысты дамыту стратегиясын қабылдадық, – деді өз сөзінде облыс әкімі. – Қонаев қаласы іскерлік, мәдени, туристік орталық болуы тиіс. Осы орайда

қала әкімдігі инвестициялар тартып, өзекті жобаларды іске асыруы қажет.

Экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды факторларының бірі – шағын және орта бизнесті дамыту. Бүгінгі таңда облысымызда 126 мың шағын және орта бизнес субъектісі жұмыс істейді.

Қонаев қаласы туризмді дамытуда үлкен әлеуетке ие. Бұл ретте Қапшағай жағалауын көркейткіп, демалыс және

сауықтыру қызметтерін жетілдіру қажет.

Негізгі міндеттердің бірі – халықты қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету. Биыл 811 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарлануда.

Облыс бойынша 37,7 мың адам тұрғын үй кезегінде тұр, оның 3,4 мыңға жуығы (9,2%) қалалықтар.

Бүгінгі таңда Қонаев қаласының Бас жоспарының жобасы әзірленді. Барлық мүдделі мемлекеттік органдармен келісілгеннен кейін Бас жоспар Үкімет қаулысымен бекітілетін болады. Одан соң облыс орталығында ауқымды құрылыс нысандарын салу ісі қолға алынады. Бұл инвестициялар тартуға мүмкіндік береді. Болашақта Қонаев қаласы инфрақұрылымы дамыған, жаңа әлеуметтік нысандары, саябақтары мен демалыс орындары бар заманауи қалаға айналады. Мәдениет пен ғылымның, өнеркәсіп пен туризмнің орталығы болады. Халық саны 3 есеге артып, 200 мың адамға жетеді, – деді облыс басшысы.

(Жалғасы 2-бетте)



31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

ӨТКЕННІҢ ӨКІНІШТІ КЕЗЕҢДЕРІН ЕСКЕ АЛСАҚ, 1925 ЖЫЛЫ ЕЛІМІЗДІ БАСҚАРУҒА КЕЛГЕН ФИЛИПП ГОЛОЩЕКИН ҚАЗАҚСТАНДЫ «КІШІ ҚАЗАН» ТӨҢКЕРІСІН ЖҮРГІЗУ САЯСАТЫН ҰСТАНДЫ. СОҢЫҢ САЛДАРЫНАН ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЖАППАЙ ҚУҒЫНДАУҒА ҰШЫРАДЫ. ГОЛОЩЕКИН ӨЗІНЕ ҚАРСЫ ШЫҚҚАНДАРДЫ ҚАЗАҚ ЕЛІНЕН ҚУДЫ, ОЛАРДЫҢ КӨЗІН ЖОЮДЫ ҚОЛҒА АЛДЫ.

«Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұжымдастыру ұранымен науқанға кіріскен белсенділер республикадағы 40 миллионнан астам мал басының қырылуына әкеп соқтырды. Халық жаппай ашаршылыққа ұшырады. Ашаршылық жылдарында елімізде 2,5 миллионға жуық адам қайтыс болды. Қазақ халқы ашаршылыққа дейінгі санына, араға жарты ғасырға жуық уақыт салып өздері жеткені - бұл зұлматтың қаншалықты қасыретті болғанын көрсетуде.

Кеңестік тоталитаризмнің зұлым саясаты мен зұлмат әрекеті ешбір елді таңдап, ешбір адамды талғаған жоқ. 1920-1950 жылдары Кеңестер Одағында миллиондаған адам саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Қазақтың қаншама

қабырғалы тұлғалары сол солақай саясаттың құрбандарына айналды.

Голощекиншілдіктің мәңгі-бақи кешірілмес күнәсі – ол қазақ халқына жүргізген геноцид саясаты.

Өз тарихымызға деген енжарлықты аңғару қиын емес. Мәселен, «31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні» дейміз. Ал, шын мәнінде, саяси-қуғын сүргін мен ашаршылықтың айырмашылығы бар ғой. Ендеше, неге екеуін екі күнге бөліп, дұрыс насихаттамасақ?

Кеңес Одағында И. Сталин қайтыс болғаннан кейін хрущевтік «жылымық» кезінде саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау басталып, ол бірнеше кезеңнен тұрды.

(Жалғасы 2-бетте)

БАСПАСӨЗ – 2023

Nurly ÓLKE

газетіне жазылыңыз!

Сапалы, маңызы зор және қызықты ақпараттарға толы облыстық «Нұрлы өлке» газетіне жазылу «Қазпоштаның» бөлімшелерінде және газет редакциясында жалғасады.

6 айға жазылу бағасы – 2345 теңге 45 тиын.

Газеттің индексі – 66108.

Жазылым ақысын 8 705 181 4196 нөміріне Каспий голд арқылы да төлеуге болады.

ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚҚА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАҢДАР МЕН ЖАРНАМА БЕРУШІЛЕР!

Егер сіз облыстық «Нұрлы өлке» газетіне жарнама, хабарландыру, құттықтау, көңіл айту, еске алу, мақала бергіңіз келсе мына телефондарға хабарласыңыз:

2 – 83 – 80, 8 777 064 8369, 8 705 181 4196.

Электронды пошта: E – mail: nurliolke@mail.ru

УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ, ПОДПИСЧИКИ И РЕКЛАМОДАТЕЛИ!

Если вы хотите разместить объявление, поздравление, соболезнование, некролог, благодарность, статью в областную газету «Нұрлы өлке», обращайтесь по телефонам:

2 – 83 – 80, 8 777 064 8369, 8 705 181 4196.

Электронная почта: E – mail: nurliolke@mail.ru